

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Американдық фильмдер мен мультфильмдер арқылы ағылшын тілін заманауи, стандартты емес әдістермен үйрену

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.05.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/121778/>

Сауалнама 9 сұрақтан тұрды және 51 студентті қамтыды. Ең алдымен мен сауалнамаға қатысушылардың жасын анықтайтын сұрақ қойдым. Содан кейін олардың фильмдер мен мультфильмдерді көретін-көрмейтінін анықтауға тырыстым.

Зерттеу нәтижелеріне талдау жасай келе, бұл әдістерді қолданбай, басқа әдістермен оқуды жөн көретіндер де бар екенін байқадым. Мен респонденттердің қандай әдістерді қолданатынын ғана емес, бұл әдістің олар үшін тиімді екенін де ескердім. Сауалнаманы негізінен біздің студенттерге, яғни Тұран университетінің студенттеріне қойылды. Көру арқылы үйренетіндер тілді оқығаннан немесе сөйлескеннен гөрі тезірек үйренеді деген қорытындыға келдім. Өйткені, қарым-қатынас үшін сізде көпшілікте жоқ ауызекі сөйлеу және есту базасы болуы керек.

Бұл ғылыми мақала ағылшын тілін оқытудың дәстүрлі және стандартты емес әдістерін салыстыруға арналған. Тіл – елдің мәдениеті мен ділінің көрінісі. Тілдерді оқу арқылы біз мәдениетімізбен бөлісуге, танысуға мүмкіндік аламыз. Сондай-ақ олардың дүниеге көзқарастарын салыстыра отырып, өзара әрекеттесуге үйренеміз. Ақпаратты жарқын және көлемді жеткізуіне байланысты, мультфильмдер мен фильмдер адамдарға күшті эмоционалды әсер етеді. Мультфильм балаларды шет тілінде сөйлесуге шақырады. Мультфильммен жұмыс істеу кезінде сабақтарды жеке және топпен өткізуге болады. Мультфильмдерді пайдалану оқу ортасында тілдік ортаны қалыптастырып, тілді меңгеруде жақсы нәтижелерге тез жетуге мүмкіндік береді. Мен кино арқылы ағылшын тілімен жұмыс істеу кезінде құнды және маңызды деп санайтын ұсыныстарды жинақтауға тырыстым.

Ағылшын тіліндегі бейнелерді көру — ағылшын тілін тыңдап түсіну жаттықтыруының ең жақсы тәсілдерінің бірі. Бастапқыда бейнедегі кейіпкерлердің айтқанын түсіну қиын болса, субтитрлерді пайдаланыңыз. Егер сіз күн сайын кем дегенде 15-20 минут мұқият қарауға арнасаңыз (бейнені фрагменттерге бөлуге болады), онда 2-3 айдан кейін сіз

кейіпкерлердің сөз тіркестерін субтитрсіз де түсіне бастайсыз. Сол себепті, фильмдер мен мультфильмдер ағылшын тілін үйренуде әртүрлі акценттер мен интонацияларға үйренуге көмектеседі.

Бейне материалдарды көру кезінде сөздік қорыңызды айтарлықтай кеңейте аласыз. Сіз контекстен көптеген сөздердің мағынасын түсініп, қандай жағдайда белгілі бір сөз тіркестерін қолданатынын көресіз. Кейде фильмдедердегі немесе мультфильмдердегі кейіпкерлердің айтып жатқан сөздері түсініксіз болуы мүмкін. Бұндай жағдайларда видеоны баяулататын функцияны қолданған жөн.

Фильмдерді көруде ақпаратты оңтайлы қолдану үшін фильмді екі рет қарағаныңыз дұрыс: бірінші рет ағылшын субтитрлерімен, бейтаныс сөздерді жазып алыңыз және олардың мағынасын сөздікте тексеріңіз. Екінші рет сол фильмді субтитрсіз, бейтаныс сөздердің мағынасын есте сақтаңыз.

Ағылшын тілін үйрену оңай және көңілді болуы мүмкін екендігі анықтадым. Оның арқасында студенттер сөздерді есте сақтау үшін көп күш жұмсамайды және іс жүзіндегі қолданысы да жеңіл екеніне көз жеткіздім.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.